



ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
МИНИСТРЛІГІ

Жүргізілген кеңестер туралы  
**Есеп**

тақырыбы: «АДАЙ» ШҚ Күздік бидай егілетін алқаптардың топырақ құнарлығын бағалау

«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырақ құнарлылығын сактау және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сактау» бағыты бойынша

Откізу күні:  
«15» қазан 2023 жыл

Кеңес беру өткізілген орны:  
Алматы облысы, Райымбек ауданы,  
Қарасаз ауылы, «АДАЙ» ШҚ

Эксперт: Айнур Сулейменова А.И.  
(қолы)

«Ә.Ә. Оспанов атындағы Қазак  
Топырактану және агрохимия  
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС  
Басқарма Төрайымы

Рахису Р.Х. Рамазанова



## **Есептің кұрылымы**

*1) кеңес беруді қажет ететін мәселелер шеңбері;*

Ауыл шаруашылығы дақылдарын соның ішінде күздік бидай егілетін алқап топырақтарының құнарлығы мен тыңайтқыш қолдану.

*2) қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген далелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары;*

Күздік дақылдардың ауыл шаруашылығында зор маңызы бар. Олар көктемде егін егуде және орак кезінде жұмыстың қауырттығын кемітеді. Дәнді дақылдардың бірқатарын егу жұмысын күзге көшіру әрбір шаруашылыққа көктем жұмысын қысқа мерзім ішінде аяқтап ауылшаруашылық дақылдары егісін күту ісін және басқа жұмыстарды дер кезінде қолға алуға мүмкіндік береді. Күздік дақылдар жаздықтардан ерте піседі, мұның өзі әдетте, жаздық астық піскенше күздікті жинап алуға мүмкіндік береді. Сондықтан күздік егісі бар шаруашылтарда еңбек ресурстары мен егіс жұмысында істейтін техника өнімдірек пайдаланылады.

Өсіп-жетілуі екі кезеңді өсімдік есебінде күздік дақылдар топырақтың ылғалын толығырақ пайдаланады. Сондықтан оларды өсіруге колайлы аудандарда күздік дақылдар, жаздықтарға қарағанда, әрқашанда көп өнім береді.

Күздік дақылдан кейін егістік жер, жаздық дәнді дақыл егілген жермен салыстырғанда, арамшөптерден тазарап болады. Сондықтан күздік дақылдар ауылшаруашылық дақылдарының көпшілігі үшін жақсы алғы дақыл болып есептеледі.

*3) Өндіріс көлемін ұлғайту/өнімділікті арттыру/шығындарды азайту және т.б. сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, агроөнерқасіттік кешен субъектісінің ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже;*

Күздік бидайды анызға еккенде, оның жаңа шыққан көгі парға еккенде жін кездесетін топырақ боранының зиянды әсеріне ұшырамайды. Оның үстіне, анызға егілетін күздік бидайдың көгі қыстың бас кезінен-ақ төмен (сүйк) температураның әсерінен қорғалған болады. Мұның мәнісі анызға түскен қарды жел ұшырып әкете алмайды. Анызға егу күздік бидайдың тамыр жүйесін қыс кезінде үзілуден аман сақтайды. Топыракта қоректік заттардың жеткілікті болуы және анызға егілген күздік бидайды үстен қоректендіру оның ерте көктемде қаулап өсуін және мол өнімді болуын қамтамасыз етеді. Республиканың топырақ – климат аймақтарының жеке ерекшеліктері болуына байланысты, күздік бидайдың сорттарына белгілі бір талаптар қойылады. Өнімді арттыру, егіншілік мәдениетін арттыру және агротехникалық шараларды жетілдіру, минералды және органикалық тыңайтқыштарды қолдану ғылыми-зерттеу негіздеріне сүйене отырып қолдану қажет. Яғни, әрбір егін еgetін алқаптардың кем деғенде әр бес жыл сайын топырақ құрамын арнайы зертханаларда анықтатып отыру қажет. Біздің институтымызда егіс алқаптарының топырақ құрамына қарай минералды тыңайтқыштардың нормасын есептеу беруге мүмкіндігіміз бар. Бұл талдаудар егіс еgetін шаруаларға экономикалық жағынан тиімді болады деп толывқ айта аламыз. Дақылдар үшін

тыңайтқыш қолдану технологиясын сақтаудың да маңызы зор. Тыңайтқыш берідің мөлшері мен мерзімі барлық джакылдар үшін бірдей емес. Тыңайтқышты мезгіліне қарай енгізуін 3тәсілі бар: 1-негізгі тыңайту, 2-тұқымды себу кезінде тыңайту, 3-үстеп коректендіру. Негізгі тыңайтудың басты міндеті бүкіл вегетация кезінде коректік элементтермен қамтамасыз ету. Сондыктан берілетін тыңайтқыштардың 70-80 пайызын негізгі тыңайтуда берген дұрыс. Көбінесе фосфор және калий тыңайтқыштарының басым көпшілігі топырақтағы ылғалдың немесе суару әсерінен оның терен қабатына шайылмайды. Демек оларды құзде негізгі тыңайту кезінде берген онтайлы нәтиже береді деп айтуда болады.

#### 4. Кеңес беруден фотосуреттер

